«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ **«УПРАВЛЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ЗАПАДНО–КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

27.01.2026ж № 16-НҚ

Орал қаласы город Уральск

Бір көзден тікелей шарт жасасу туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазанынгдағы № 687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылы 9 қазанында №35238 болып тіркелді) бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жалпы сомасы 14 145 237 (он төрт миллион жүз қырық бес мың екі жүз отыз жеті) теңге, қосылған құн салығы (бұдан әрі-ҚҚС) сомасы есебімен 1 951 067,17 (бір миллион тоғыз жүз елу бір мың алпыс жеті) теңге 17 тиын Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 16 бабы, «Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері», 3 тармағы «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады», 1 тармақшасы «табиғи монополиялар салаларына жататын қызметтерді сатып алу» негізіне сүйене отырып, «Мемлекеттік техникалық қызметі» АҚ мен шарт жасассын.

2. Шарт жасасу бойынша жауапты басқарманың бас маманы М. Анесоваға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес шарт, техникалық ерекшелік жобасы, сатып алу әдісін қолдану негіздемесі бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысы **Н. Камашев**